

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасы

" Қостанай қаласы білім бөлімінің № 15 жалпы білім беретін мектебі" КММ



«ECO START»

1-11 сынып оқушыларына арналған экологиялық
жоба

Қостанай, 2022 жыл

Түсінік хат

Өзектілігі: Қазіргі кезде адамзатты қоршаған ортаның күрделі экологиялық мәселелері толғандыруда және оларды жедел түрде шешу тәсілдері іздестірілуде. Бұл ізденістерде айналадағы бізді қоршаған орта туралы білімнің берері мол. Бұл арада шешілуге тиісті ең негізгі мәселе – адамның табиғатқа тигізетін әсері қандай және одан қалпына келмейтін қандай тізбекті өзгерістер туындайтынын анықтауда болып отыр. Бұл мәселені бір жағынан ғылым, екінші жағынан ғылымның ашқан жаңалықтары негізінде іс – әрекет жасауға бастайтын білім ғана шешіп береді.

ҚР тұрақты дамудың жаңа жолына түскенде экологиялық білім мен тәрбие берудің маңызы арта түсуде. Бұл проблемалар Елбасы Н.Ә. Назарбаев ұсынған «2030 стратегиясы» бағдарламасында басты орында тұр. Сонымен қатар Президент Қасым-жомарт Тоқаев Қазақстандағы экологиялық жағдайға байланысты өзінің алаңдаушылығын білдіріп, мектептер мен колледждерде, балабақшаларда экологиялық тәрбиені қолға алуға ұсынып отыр. Президент бастамасымен көптеген еріктілер клубтары ашылып, челленджер қолдау табуда.

Ұсынылып отырған «ECO START» жобасы мектеп оқушыларына арналып құрастырылды. Экологиялық бағытта өздерін дамытып, болашақта табиғат жанашыры болатын оқушылар қатарынан мектептерде еріктілер клубтары ашылған кезде мұғалімдер қандай бағдарламамен жұмыс жасаймыз, қандай іс-шараларды ұйымдастырған тиімді, не болмаса оқушылардың экологиялық сауаттылығын қай бағытта дамытқан дұрыс деген сұрақтар туындайды. Жоба оқушылардың заман талабына сай қызығушылығын арттыруға толығымен бағытталып жасалған. Жұмыс жасаудың жүйелілігі мұғалімге де оқушыларға да оқу жылында нәтижелі жұмыс жасауға көмектеседі.

Жоба шеңберінде мектепте еріктілер клубы құрылып, экологиялық бағытта түрлі іс –шаралар өтеді. Ғылыми жұмыс жазу, экологиялық мақалалар, экологиялық шеберханалар мен зертханалар, арнайы бұрыштар мен кітапханалағы оқулықтар – барлығы да жобаның мақсатына жетуге көзделеді.

Жоба мақсаты: Оқушылардың бойына экологиялық тәрбиені дарыту. Туған өлкенің табиғатын тани білуге оқушылардың ғылыми - жаратылыстану көзқарастарын, экологиялық ойлауларын, азаматтық жауапкершілікке ұлтжандылыққа тәрбиелеу. Шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Жоба міндеттері:

- ✓ Экологиялық сауаттылықты арттыратын танымдық сабақтар ұйымдастыру;
- ✓ Оқушылардың танып-білуге деген қызығушылығын арттыру мақсатында ғылыми жобалар жасау;
- ✓ Білгенімен бөлісуге, өскелең ұрпаққа экологиялық тәрбие беруде арнайы челленджер мен акциялар ұйымдастыру;
- ✓ БАҚ арқылы жұмыс жасауда ақпарат тарату мен жариялау құралдарын тиімді қолдану.

Күтілетін нәтиже:

Жоба соңында оқушылардың ең алдымен экологиялық сауаттылығы артады. БАҚ, әлеуметтік желілер арқылы экологиялық жарнама жасаудың жолдарын меңгереді. Экологиялық проблемаларды халықаралық не болмаса жергілікті деңгейде анықтай алады және оларды шешудің жолдарын ұсынады. Ғылыми-зерттеу жұмыстары мен экологиялық жобалар жасай алады. Әр түрлі деңгейдегі табиғатты қорғауға арналған акциялар мен байқаулар ұйымдастыруды үйренеді. Нәтижелі жұмыс жасауға ұмтылады, жауапкершілігі артады.

Қоғамның іргелі құрылымынан қолдау тапқан экологиялық білім мен насихат қана жаңа адамды – ХХІ ғасырдың азаматын қалыптастырады және аса

күрделі, әрі шиеленіскен әлеуметтік – экологиялық жағдайда іс – әрекет жасауға үйретеді. Экологиялық білімнің тиімділігі жүйелілік тәсілге негізделіп, үздіксіз жүзеге асырылғанда ғана артып табысқа жетеді.

Бекітемін
 Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасы
 " Қостанай қаласы білім бөлімінің
 № 15 жалпы білім беретін мектебі" КММ
 директоры Ж.Ж.Мирамова
 « 10» қаңтар 2022 жыл

«ECO START» 1-11 сынып оқушыларына арналған экологиялық жоба жоспары

Реті	Бағыты	Іс – шара атауы	Өту формасы	Қатысушы	Мерзімі	Жауапты	Нәтиже
1	Ақпараттандыру	Танысыңыздар , бұл біз! (еріктілер клубымен танысу)	Бейне ролик	Клуб мүшелері	Ақпан	Клуб жетекшісі, Тоболов А., Султанов Қ.Қ.	Ғаламтор желісі арқылы ақпарат тарату
		Маркировка – бұл маңызды	Ақпарат сабақтары	8 “А” сынып	Наурыз	Жүсіпбек А. Қ.	
		Эко сабақтар понарамасы	Видео	8 “Ә” сынып	Сәуір	Алшимбаева С. А.	
		Біздің қала. Кеше. Бүгін. Ертең.	Фотоконкурс	8 “Б” сынып	Мамыр	Асылбеков Т. Р.	
		Жанды және жансыз табиғат	Табиғат суреттері	6 сыныптар	Қазан	АйтуБ.Н. Утеулина К. Альмагамбетова Т.Ш.	
		Парақшаны жаңартып, жаңалықтармен толықтырып отыру	Пуликация жариялау	Мектеп мұғалімдері мен оқушылар	Үнемі	Кудесова Г.М.	
2	Экосағаттар	Қоқысты қалай сұрыптайды?	Сыныптан тыс іс-шара	3 сыныптар	Ақпан	Үйірме жетекшілері	Экологиялық сағаттар жинағы
		Экологиялық маркировка – бәсекеге қабілеттіліктің белгісі	Ашық сабақ	2, 4 сыныптар	Наурыз	Тлеубаева А. А	
		Энергетика және экология	“Ұшқыр оймен, шешен тіл” зияткерлік сайыс	7 сыныптар	Сәуір	Тлеубаева А. А	
		Су ресурстарын тиімді пайдалану	Викторина	10 сыныптар	Қыркүйек	Тлеубаева А. А	

		Полиэлитен – ғасыр коқысы	Танымдық сабақ	1 сыныптар	Қараша	Тлеубаева А. А	
3	Оқу-әдістемелік	«Ғылымға бір қадам – болашаққа 100 қадам»	Ғылыми – практикалық конференция	Мектеп оқушылары	Қазан	Сулекина Н.М.	Қалалық ғылыми жұмыстар байқауына жолдама
		«Экоайдар»	Мақала жазу	Сулекина Н.М. Сұлтанов К.К. Асылбеков Т.Р Иралинова Л.	Ақпан – желтоқсан	Сулекина Н.М.	Мақалалар жинағы
		«Ортақ қала-ортақ іс»	Мұғалімдерге арналған конференция	Мұғалімдер	Мамыр	Сұлтанов К.К.	Жобалар, ұсыныстар
		Eco Camp	TEDx	9-11 сынып оқушылары	Қараша	Сулекина Н.М.	Жобалар , ұсыныстар
		Экологиялық сауатты болу - заман талабы	Көрме	Барлық мектеп оқушылары мен мұғалімдері	Сәуір	Жунусова Қ.Х.	Фото есеп
		«Табиғатты қорғаудағы қызыл кітап дәрежесі»	Дебат	9 сынып оқушылары	қазан	Айту Б.Н.	фото есеп
4	Экошеберхана	«Заттарға екінші өмір сыйла»	Макеттер жасау	1-11 сынып оқушылары, ата-аналар	Үнемі	Мурзалин Е.М.	Галерея , фотоесеп
		«Арт Эко»	Картиналар салу	1-11 сынып оқушылары, ата-аналар	Үнемі	Мурзалин Е.М. Кульбаева Т.А.	
		“Құстар мен адамдардың табиғаттағы үйлесімділігі ”	Макет жасау	7-9 сынып оқушылары, ата-аналар	сәуір айы	Мурзалин Е.М.	
		ECO CREATIEMS	Әр түрлі заттардан макеттер жасау	Барлық мектеп мұғалімдері	Жыл бойы	Кульбаева Т.А.	
5	Экозертхана	«Жасыл әлем»	Бөлме өсімдіктерін өсіру	7-9 сынып оқушылары	Көктем айы	Досанова А.	Оранжерея
		Гүлденген аула	Дала өсімдіктерін	Еріктілер клубы	Наурыз	Досанова А.	Мектеп ауласын

			өсіру				гүлдендіру
		«Жас зерттеуші »	Су құрамы мен, топырақ құрамдарына зерттеу жұмыстарын жүргізу	Мектеп оқушылары	Наурыз - желтоқсан	Альмагамбетова Т.Ш.	Зерттеу нәтижелері
6	Экотолқын	«Менің экологиялық мектебім!»	Челлендж	8-11 сынып оқушылары	Мамыр	Есбатыров М.З.	Бейнеролик
		«Таза қала өзіңнен басталады»	Сенбілік	8-11 сынып оқушылар, мұғалімдер	Мамыр, қыркүйек	Тоболов А.	Фотоесеп
		Құстар біздің досымыз	“Құс ұясын” жасау Волонтерлық жұмыс	5 сыныптар	Сәуір	Тулепова Д. М	Фотоесеп
		«Табиғат және біз!»	Қамқорлық акциясы	мектеп мұғалімдері	Мамыр	Есбатыров М. З	Фотоесеп
		Макулатура жинау	Акция	Барлық мектеп мұғалімдері мен оқушылары	Жыл бойы	Жунусова Қ.Х.	Өндіріске жіберу
		Пластик стакан жинау	Акция	Барлық мектеп мұғалімдері мен оқушылары	Жыл бойы	Казыбаева Ж.	Гүл отырғызу